ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1263186 , "Семей қаласында ЖЭО-3 құрылысы"объектісінің құрылысын техникалық қадағалау қызметтері сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 4 (5 У, 4558892) Құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер

Тапсырыс беруші: "Семей Энерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Ұйымдастырушы: "Семей Энерго" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	5 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер, Құрылыс қызметі саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтер
Қосымша сипаттама	"Семей қаласында ЖЭО-3 құрылысы" жобасының 1 "дайындық жұмыстары"объектісінің құрылысын техникалық қадағалау қызметтері
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Абай облысы, Семей Қ.Ә., Семей қ., г. Семей, пос. Степной.
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2029 дейін.
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Осы техникалық ерекшелікте «Орындаушы» «Семей Энерго» ЖШС-мен (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) «Семей қаласында ЖЭО-3 салу» объектісінің (бұдан әрі – Объект/Жоба) құрылысына техникалық қадағалау жөніндегі қызметтерді сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаны, заңды тұлғаны (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігін (консорциумды) білдіреді.

Осы құжаттағы барлық терминдер, егер осы техникалық ерекшелікте және оның қосымшаларында өзгеше көрсетілмесе, Шартта (Шарттық келісімде және Шарт талаптарында) көзделген осындай терминдердің анықтамаларына сәйкес түсіндірілуге тиіс.

2.1. Техникалық қадағалауды орындау үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 253-VIII ҚРЗ Құрылыс кодексі, оның ішінде 54-бап;
2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 22 маусымдағы № 321 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 39051 болып тіркелген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидалары.
3. ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар құрылысын ұйымдастыру».
4. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 20 мамырдағы № 250 «Жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейдегі объектілерінде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық қадағалау және техникалық тексеру жөніндегі инжинирингтік қызметтер мен сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу қағидалары мен рұқсат беру талаптарын бекіту туралы» № 38767 болып тіркелген бұйрығы;
5. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 268 «Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың құрылыс жобасына сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік декларациясының нысандарын бекіту туралы» № 38832 болып тіркелген бұйрығы;
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 67 «Елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру кезіндегі құжаттар нысандарын бекіту туралы» бұйрығы;
7. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік, техникалық және құқықтық актілері.

Орындаушы объектіні жобалауға және салуға техникалық қадағалауды жүзеге асыруды реттейтін Қазақстан Республикасының барлық қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарын, оның ішінде осы техникалық ерекшелікте көрсетілгендерді, бірақ олармен шектелмей, сондай-ақ Шарт бойынша қызмет көрсетуге қолданылатын өзге де міндетті талаптарды сақтауға міндетті.

8. «ВД Строй Инжиниринг» ЖШС, «АтырауЭнергоСервис» ЖШС және WestGasOil LTD құрамындағы Консорциум (бұдан әрі – Бас Мердігер) «Семей Энерго» ЖШС-мен (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) жасалған 30.01.2026 ж. № 1 /EPC EPC-келісімшартқа сәйкес әзірленген «Семей қаласында ЖЭО-3 салу» жобасы бойынша бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау.

EPC-келісімшарт FIDIC 2017 проформасы (сары кітап) бойынша жасалған

Жоба бойынша негізгі технологиялық жабдықтың және бағдарламалық қамтамасыз етудің түпкілікті тізбесі жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынғаннан кейін, сондай-ақ Шарт талаптарына сәйкес айқындалатын болады.

3. ОРЫНДАУШЫ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР КӨЛЕМІ

Техникалық қадағалауға жататын жұмыстардың жылдар бойынша бөлінген көлемі (Бас мердігердің жұмыс өндірісі кестесіне сәйкес):

Жыл	Техникалық қадағалауға жататын жұмыстар көлемі
2027	Дайындық жұмыстарын аяқтау: жасыл екпелерді өтемдік отырғызу (15.02.2027 ж. дейін) және көшіріп отырғызудан кейінгі күтім кезеңі (15.06.2027 ж. дейін).
2028	Негізгі объектілердің құрылысы аяқталуына қарай уақытша ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және инженерлік желілерді ауыстыру, жою жұмыстарын бақылау; орындалған жұмыстарды қабылдау.
2029	Уақытша ғимараттарды, құрылыстарды және желілерді жоюды, құрылыс алаңының аумағын қалпына келтіруді (абаттандыруды) бақылау; атқарылым құжаттамасын тексеру; объектіні қабылдауға және пайдалануға беруге қатысу

	(Пайдалануға беру актісі – жұмыс өндірісі кестесі бойынша 17.12.2029 ж. дейін).

Ескертпе: Көлемдердің жылдар бойынша бөлінуі болжамды болып табылады және Бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау мерзімдерінің жұмыс өндірісі кестесіне қатысты ығысу мүмкіндігі, сондай-ақ қосымша бақылау жүргізу қажеттілігі (ескертулерді жою, қайта куәландыру, сынақтар, қабылдау және пайдалануға беру) ескеріле отырып айқындалған. Қызметтердің нақты көлемі құрылыс-монтаж жұмыстарының нақты орындалуымен айқындалады.

Орындаушы техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді көрсету кезінде мынадай функцияларды жүзеге асырады, бірақ олармен шектелмейді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 22 маусымдағы № 321 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметінде инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 7-тармағына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 маусымдағы № 337 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 39156 болып тіркелген) «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыруға арналған портал мен цифрлық жүйелерді жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларға сәйкес «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыруға арналған цифрлық жүйеде (бұдан әрі – Портал) тіркеледі және атқарылым құжаттамасын жүргізеді;
2. Тапсырыс беруші Шартта көзделген тәртіппен беретін, сызбаларында «Жұмыс жүргізуге» деген белгісі бар жобалау-сметалық құжаттама негізінде техникалық қадағалауды жүзеге асырады және қызметтерді көрсету үшін қажетті құжаттаманың жоқтығы туралы Тапсырыс берушіге уақтылы хабарлайды;
3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес байланыс және электр беру желілерінің күзет аймақтарында, теміржол және автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде жұмыс жүргізуге жазбаша рұқсаттардың бар-жоғын тексереді;
4. құрылыстың күнтізбелік жоспарының сақталуын және объектілердің нормативтік мерзімдерде немесе мердігерлік шартта айқындалған мерзімдерде пайдалануға берілуін бақылауды жүзеге асырады;

5. салынып жатқан объектілерде мемлекеттік нормативтердің, жобалық және атқарылым құжаттамасының, сондай-ақ тексерілген өлшеу құралдарының бар-жоғын тексереді;
6. жоба авторымен бірлесіп геодезиялық бөлу негізін қабылдауға және мердігерге беруге қатысады және оның құрылыс аяқталғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуді бақылайды;
7. қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарында құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы талон алу туралы хабарламаларды, сондай-ақ жер учаскесіне құқықтың, бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың, жоба сараптамасының оң қорытындысының болуын тексереді;
8. мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органға танысу үшін құрылыс жобасын және сараптама қорытындыларын ұсынады;
9. жобалау-сметалық құжаттамада сәйкессіздіктер анықталған немесе жобалық шешімдерді өзгерту, материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықты ауыстыру қажет болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді тапсырыс берушінің шешуі үшін ұсыныстар енгізеді;
10. мердігердің монтаждалған жабдық пен инженерлік желілерге жеке сынақтар жүргізуін және сынақ нәтижелерінің тиісті түрде ресімделуін бақылайды;
11. сынақтардан кейін жабдықты қабылдауға қатысады;
12. уақытша ғимараттар мен құрылыстардың (уақытша тұрмыстық қалашық, уақытша вахталық кент, құрылыс алаңының кеңсесі, уақытша өткізу пункті, өртке қарсы пункт) орнатылуын, оның ішінде олардың негіздерін, монтаждалуын және уақытша инженерлік желілерге қосылуын бақылайды;
13. уақытша кіреберіс жолдардың, алаңаралық автожолдардың, материалдарды қоймалау және сақтау алаңдарының, арнайы техника тұрағының және жанар-жағармай материалдарының (ЖЖМ) уақытша қоймасының орнатылуын, оның ішінде қиыршықтаспен/құм-қиыршықтас қоспасымен жабуды және негіздерді тығыздауды бақылайды;
14. алаңды тік жоспарлауды, қазаншұңқырлар мен траншеялардың топырағын қазуды бақылайды, топырақты тығыздау сынақтарының нәтижелерін тексереді;
15. құрылыс алаңын уақытша электрмен жабдықтау мен жарықтандырудың, уақытша сумен жабдықтау мен су бұрудың, уақытша резервуарлар мен сыйымдылықтардың орнатылуын бақылайды;
16. уақытша сыртқы қоршаудың орнатылуын және онлайн-бейнебақылау діңгегінің орнатылуын бақылайды;

17. жобаға және рұқсат беру құжаттарына сәйкес жасыл екпелерді кесу, өтемдік отырғызу және оларды күту жұмыстарының орындалуын бақылайды;
18. бетон араластыру қондырғысының (БАҚ) құрылысы мен монтажын бақылайды және оны қабылдауға қатысады;
19. тұрақты негізде құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылатын материалдардың, бұйымдардың, конструкциялар мен жабдықтың сапасын, олардың жобалық құжаттамаға, техникалық шарттарға және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін тексереді;
20. қолданылатын материалдар мен жабдықтың сапасын растайтын құжаттардың (паспорттардың, сертификаттардың, сынақ нәтижелерінің) бар-жоғын және дұрыс ресімделуін тексереді;
21. технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасының, оның ішінде операциялық бақылаудың мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкестігін бақылауды жүргізеді;
22. қабылдау бақылауын жүзеге асырады, орындалған құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемдерін тексереді және оларды қабылдауды жүзеге асырады; жобалау-сметалық құжаттамаға толық сәйкес орындалған жұмыстарды ғана қабылдайды, ал Тапсырыс беруші жобалау ұйымымен келіспеген ауытқулар болған кезде – оларды жойғаннан кейін ғана қабылдайды; орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау актілерін олар ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды не дәлелді бас тарту береді;
23. жасырын жұмыстарды куәландыруға және белгіленген нысандағы актілерді ресімдей отырып және жасырын жұмыстарды жабылғанға дейін фотофиксациялай отырып, жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға қатысады; егер кейінгі жұмыстар 6 (алты) айдан астам үзілістен кейін немесе ауа райы жағдайлары күрт өзгергеннен кейін, сондай-ақ бұрын куәландырылған жұмыстардың зақымдануы жойылғаннан кейін орындалса, жасырын жұмыстарды қайта куәландыруға қатысады;
24. Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық қадағалау журналын жүргізеді, техникалық қадағалау журналына анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі ескертулер мен нұсқауларды енгізеді және олардың орындалуын бақылайды;
25. авторлық сүйемелдеу және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдары жүзеге асыратын тексерулерге қатысады;
26. мердігердің тексерулер барысында берілген нұсқаулар мен ұйғарымдарды орындауын тиісті журналдарда белгі қоя отырып бақылайды;
27. объектінің қауіпсіздігіне әсер ететін жұмыстардың орындалуына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді;

28. анықталған кемшіліктерді жою конструкцияларды бөлшектеместен немесе бүлдірместен мүмкін болмаған жағдайда, құрылыс конструкциялары мен инженерлік желілер учаскелерінің қауіпсіздігін бақылайды;
29. тапсырыс беруші қаражатының мақсатты және ұтымды пайдаланылуына ықпал етеді және орындалған және төленген жұмыстардың есебін жинақтау ведомосінде жүргізеді және оны ай сайынғы есепке қоса береді;
30. мердігерден құрылыс алаңында материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықты сақтау шарттарының сақталуын талап етеді;
31. орындалған жұмыстардың, салынған ғимараттар мен құрылыстардың тапсырыс берушіге берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз етуді бақылайды;
32. мердігердің құрылысты жобалық құжаттамамен қамтамасыз ету және оның сапасы, сондай-ақ жұмыстардың сапасын бақылау және оларды қабылдау мәселелері бойынша наразылықтарын қарайды, олар бойынша өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдайды немесе Тапсырыс берушінің шешім қабылдауы үшін ұсыныстар енгізеді;
33. құрылыс кезеңінде мердігермен бірлесіп ғимараттар мен құрылыстардың шөгуі мен деформацияларын бақылауды ұйымдастырады;
34. орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға беруге дайындау кезінде әрбір жұмыс түрінің, конструкциялар мен жабдықтың нақты дайындығын тексереді, сондай-ақ тұтастай объектінің дайындығын және тиісінше ресімделген атқарылым құжаттамасының бар-жоғын тексереді, қабылдау актілеріне қоса берілген тізбелерге енгізілген монтаждалған және орнатылған жабдықтың бар-жоғын объектідегі нақты бар-жоғымен салыстырады;
35. атқарылым құжаттамасының бар-жоғын және дұрыс ресімделуін тексереді;
36. объектінің пайдалануға тапсыруға дайындығын растайды және құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытынды береді, оны белгіленген нысан бойынша ресімдейді және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органға келісу үшін ұсынады;
37. консервациялауға жататын объектілерді куәландыруға және консервациялауға немесе құрылысты уақытша тоқтатуға құжаттаманы ресімдеуге қатысады;
38. жобалау-сметалық құжаттама мен нормативтік талаптарды бұза отырып орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізеді;
39. конструкциялардың деформациялану және опырылу қаупі, адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп төнген, сондай-ақ ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі техникалық қадағалау

нұсқаулары орындалмаған жағдайларда жұмыстардың жүргізілуін тоқтата тұрады, бұл туралы Тапсырыс беруші мен мердігерді кейіннен дереу жазбаша хабардар етеді;

40. жобалық құжаттама мен нормативтік құжаттардың талаптарын бұзуға жол берген адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;
41. озық технологияларды, жаңа материалдар мен жұмыс өндірісі әдістерін енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;
42. геодезиялық жұмыстарды, оның ішінде учаске шекараларын, қызыл сызықтарды, биіктік белгілерін, құрылыстар остерін және инженерлік коммуникациялар трассаларын жергілікті жерге шығаруды қабылдауды жүзеге асырады;
43. объектіге жеткізілетін құрылыс материалдары мен инертті материалдардың (қиыршықтас, малтатас, құм, топырақ) жобалық құжаттамаға сәйкестігіне кіріс бақылауын жүзеге асырады;
44. мердігер ұйымның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылайды;
45. мердігер ұйымның өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі талаптарын сақтауын бақылайды;
46. мердігер ұйымның қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтауын бақылайды;
47. технологиялық операциялардың құрамы мен орындалу сапасының белгіленген талаптарға сәйкестігіне инспекциялық бақылауды жүзеге асырады;
48. жобалық құжаттаманың анықталған ақауларын құжаттамалық ресімдеуді және олардың жойылуын бақылауды қамтамасыз етеді;
49. монтажға түсетін жабдықтың жай-күйін бағалауға қатысады, оның монтаждалу сапасын бақылайды және кешенді сынауға қатысады;
50. инженерлік жүйелер мен технологиялық жабдықтың іске қосу-баптау жұмыстарының жүргізілуін бақылайды;
51. дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау нәтижелерін бақылайды, бақылау хаттамаларын және бақылауды орындайтын мердігер зертханалары мен мамандарының біліктілігін тексереді, ал қажет болған жағдайда аккредиттелген зертхананы тарта отырып іріктемелі қайта бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз етеді;
52. мердігер ұйымға техникалық қадағалау берген барлық ұйғарымдар, ескертулер және өзге де талаптар туралы Тапсырыс берушіге олар берілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды;
53. құрылыс барысын тұрақты бақылауды қамтамасыз ету үшін техникалық қадағалау мамандарының жұмысын мердігер ұйымның жұмыс өндірісі кестесімен үйлестірілген режимде, оның ішінде ауысымдық режимде,

демалыс және мереке күндерінде, қажет болған жағдайда тәулік бойы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

54. Тапсырыс беруші өткізетін апта сайынғы өндірістік кеңестерге қатысады;
55. ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей порталда ұсынады equrylys.kz құрылыс барысы және Орындалатын жұмыстардың сапасы туралы есеп Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (фотоесеппен) мемлекеттік және орыс тілдерінде;
56. Тапсырыс берушіге ай сайынғы есепте құрылыс-монтаж жұмыстарының нақты орындалуының мердігердің жұмыс өндірісі кестесінен ауытқуларын және олардың себептерін көрсетеді;
57. объектіні пайдалануға беру кезінде қабылдау комиссиясының жұмысына қатысады;
58. мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдарына («Абай облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» ММ) ұсыну үшін дайындалатын есептер мен өзге де құжаттарды оларды жолдағанға дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушімен алдын ала келісуді қамтамасыз етеді; бұл ретте Порталдағы ай сайынғы есептің жобасы Тапсырыс берушіге есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей жолданады;
59. қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге техникалық қадағалау журналын береді;
60. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 281 Бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10483 болып тіркелген)бекітілген Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларына сәйкес байланыс және электр беру желілерінің күзет аймақтарында, темір және автомобиль жолдарының бөлінген белдеулерінде жұмыстар жүргізуге жазбаша рұқсаттардың болуын тексереді. Бөлінген белдеуде күзет аймақтарының жерлерін пайдалану мөлшерін, режимін және теміржол көлігінің мұқтажы үшін жерді пайдалануды айқындау жөніндегі қағидаларды, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі № 284-I бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2989 болып тіркелген).

4. Сабақтас лоттар бойынша техникалық қадағалаумен өзара іс-қимыл және түйісу орындарын бақылау

Объектінің құрылысын EPC-келісімшарт бойынша бір Бас мердігер орындайды, ал техникалық қадағалау қызметтері 4 (төрт) лот бойынша сатып алынады (1-лот – Дайындық жұмыстары, 2-лот – Жалпызауыттық шаруашылық объектілері, 3-лот – ЖЭО-ның негізгі объектілері, 4-лот – Күл үйіндісі), олар бойынша әртүрлі

орындаушылармен шарттар жасалуы мүмкін. Осыған байланысты Орындаушы мынадай талаптарды орындауға міндетті.

1.1. Түйісу орындарын бақылау

– Орындаушы осы лот объектілерінің Жобаның сабақтас лоттарының объектілерімен физикалық, технологиялық және инженерлік түйісу (жалғасу) орындарында (құбырлар, инженерлік желілер, кабель желілері, автомобиль және темір жолдар, ғимараттар мен құрылыстардың элементтері) құрылыс-монтаж жұмыстарына тұрақты техникалық қадағалауды жүзеге асырады. Осы лот үшін мұндай орындарға мыналар жатады: 2, 3 және 4-лоттардың объектілерін салу кезінде пайдаланылатын геодезиялық бөлу негізі, уақытша автомобиль жолдары және уақытша инженерлік желілер (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру).

– Түйісу тораптары аралық қабылдаудың бірлескен актісімен қабылданады, оған екі сабақтас лоттың техникалық қадағалау өкілдері және Бас мердігер қол қояды. Актіге көрсетілген барлық тұлғалар қол қойғанға дейін осы учаскедегі жұмыстар қабылданбаған болып есептеледі.

1.2. Тапсырыс беруші арқылы өзара іс-қимыл

– Сабақтас лоттар бойынша техникалық қадағалау орындаушыларымен өзара іс-қимыл Тапсырыс беруші арқылы жүзеге асырылады. Орындаушы түйісу орындары бойынша ұйғарымдар мен ескертулерді сабақтас лот бойынша техникалық қадағалауға беру үшін Тапсырыс берушіге олар берілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдайды, сондай-ақ Тапсырыс беруші арқылы түскен сабақтас лоттар бойынша техникалық қадағалаудың ескертулерін ескереді.

– Орындаушы Тапсырыс беруші шақыратын түйісу орындары мәселелері жөніндегі барлық үйлестіру кеңестері мен бірлескен комиссияларға өз мамандарының қатысуын қамтамасыз етеді.

– Орындаушының ай сайынғы есебіне «Сабақтас лоттармен түйісу орындарындағы жұмыстардың жай-күйі және жасырын жұмыстарды куәландыру» дербес бөлімі енгізіледі.

1.3. Бақылаудан бас тартуға жол бермеу

– Орындаушы түйісу орындарындағы жұмыстарды басқа лотқа жатқызуға сілтеме жасап, техникалық қадағалауды тоқтата тұруға немесе оларды

қабылдаудан бас тартуға құқылы емес. Даулы учаскені Тапсырыс беруші жазбаша түрде ажыратқанға дейін Орындаушы түйісу орнындағы жұмыстардың барлық кезеңдерін бақылауды және тіркеуді жүзеге асырады.

– Сабақтас лот бойынша техникалық қадағалау болмаған, ол бірлескен актіге қол қоюдан жалтарған немесе оның мамандарының құрамы толық болмаған жағдайда, Орындаушы бұл фактіні Тапсырыс берушінің қатысуымен актімен тіркейді. Көрсетілген мән-жайлар Орындаушыны осы лот шекарасында техникалық қадағалау жөніндегі міндеттерді орындаудан босатпайды.

– Орындаушының үйлестіруге, бірлескен кеңестер мен комиссияларға қатысуға, түйісу орындарына шығуға және бірлескен актілерді ресімдеуге байланысты барлық шығындары Шарт бойынша қызметтердің құнына енгізілген және қосымша төлеуге жатпайды.

1.4. Жауапкершілік шекаралары

– Лоттар арасындағы жауапкершілік шекаралары бекітілген жобалау-сметалық құжаттамамен айқындалады. Әртүрлі түсіндірулер, қабаттасулар немесе түсініксіздіктер болған кезде жауапкершілік шекарасы Тапсырыс берушінің Жоба лоттары бойынша барлық техникалық қадағалау орындаушылары үшін орындалуы міндетті жазбаша шешімімен белгіленеді.

Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерді салу кезінде Орындаушы сондай-ақ Тапсырыс берушіге жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес отандық тауар өндірушілердің материалдарын, жабдықтарын, бұйымдары мен конструкцияларын пайдалануды бақылау бойынша ай сайынғы есепті ұсынады.

Техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жалпы техникалық қадағалаудың басшысы тапсырыс берушіге, ал жұмыстардың арнайы түрлері бойынша техникалық қадағалау сарапшысы – жалпы техникалық қадағалаудың басшысына есеп береді.

Техникалық қадағалау авторлық сүйемелдеу сарапшыларымен, мердігер қызметтерінің құрылыс сапасын өндірістік бақылау қызметкерлерімен, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының мамандарымен және Жобаның басқа лоттары бойынша техникалық қадағалаумен байланыста жүзеге асырылады.

Техникалық қадағалау Шарт талаптарына және мердігер ұйымның жұмыс өндірісі кестесіне сәйкес жұмыс түрлері мен құрылыс бағыттары бойынша аттестатталған техникалық қадағалау сарапшыларының қажетті санын тартуды және олардың құрылыс алаңында болуын қамтамасыз етеді.

Техникалық қадағалау өкілі жасырын жұмыстарды куәландыруға, жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға және оларға ақы төлеу үшін жұмыстарды қабылдауға қатысады. Жұмыстарды куәландыру және қабылдау мердігер өкілінің, ал қажет болған жағдайларда субмердігерлік құрылыс ұйымдары өкілдерінің (олар орындаған жұмыстарды куәландыру және қабылдау кезінде) және авторлық сүйемелдеуді жүзеге асыратын жобалау ұйымы өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Жасырын жұмыстарды куәландыру, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау, сондай-ақ орындалған жұмыстарды оларды төлеу үшін қабылдау кезінде техникалық қадағалау жөніндегі сарапшы мердігерден мынадай құжаттаманы талап етеді: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 67 «Елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру кезіндегі құжаттар нысандарын бекіту туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9952 болып тіркелген бұйрығына сәйкес жер учаскесінің шекараларын белгілеу туралы құжат; ғимараттың, құрылыстың орналасу актісі; ғимарат пен құрылыстың негізгі остерінің геодезиялық бөлінуін тексеру актісі; репер белгісін ауыстыру актісі; жұмыстардың жалпы журналы; қазық қағу журналы, қазықтарды тексеру журналы, құрылыс конструкцияларын монтаждау жұмыстарының журналы; дәнекерлеу жұмыстарының журналы; дәнекерленген қосылыстарды коррозияға қарсы қорғау журналы; монтаждық түйіспелер мен тораптарды бетондау журналы; бақыланатын тартылыспен болттардағы монтаждық қосылыстарды орындау журналы; авторлық сүйемелдеу журналы; материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, инженерлік жүйелер мен жабдықты сынау актілері (хаттамалары); материалдың, бұйымның, конструкция мен жабдықтың сапасы туралы құжаттар (паспорттар мен сертификаттар); атқарылым геодезиялық сызбалары.

Жекелеген жауапты конструкциялар дайын болуына қарай мемлекеттік нормативтерде белгіленген нысан бойынша акт ресімдей отырып, техникалық қадағалау өкілдерінің аралық қабылдауына жатады.

Объектінің құрылысына техникалық қадағалау жөніндегі қызметтерді сапалы көрсету үшін Орындаушы міндеттемелерді орындауға жеткілікті материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарына ие болуы, сондай-ақ жауапкершілігі бірінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына аккредиттеу туралы куәлігі болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Құрылыс кодексінің 54-бабының 8-тармағына сәйкес Орындаушының меншік немесе жалға алу құқығында өлшеу және бақылау құралдары, нормативтік құжаттамасы

және меншік құқығында аккредиттелген не тартылған сынақ зертханасы (орталығы) болуы міндетті.

Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Орындаушы Тапсырыс берушіге келісуге техникалық қадағалаудың ұйымдық құрылымын, жалпы техникалық қадағалау басшысының кандидатурасын және жұмыс түрлері (бөлімдер) бойынша Шартты орындауды жүзеге асыратын жауапты тұлғалардың Т.А.Ә., міндеттері, өкілеттіктері және байланыс деректері көрсетілген толық тізбесін ұсынуға тиіс.

Төлем көрсетілген қызметтер фактісі бойынша тараптар көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Персонал Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орындаушымен жұмысқа орналастырылған немесе тартылған болуы, сондай-ақ тиісті қызмет салаларында және тиісті лауазымдарда толық біліктілігі, құзыреттілігі, даярлығы мен тәжірибесі болуы тиіс.

Міндеттерді орындамағаны (тиісінше орындамағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

3. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 253-VIII ҚРЗ Құрылыс кодексі, оның ішінде 54-бап
2	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 қарашадағы № 67 «Елді мекен шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру кезіндегі құжаттар нысандарын бекіту туралы» бұйрығы
3	ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар құрылысын ұйымдастыру».
4	"Теміржол көлігі туралы"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266-II Заңы.
5	"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245-II Заңы.
6	"Автомобиль жолдарын, қорғаныс маңызы бар жолдарды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1267 бұйрығы
7	Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін қорғау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 281 бұйрығы
8	"Электр энергетикасы туралы"Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II Заңы.
9	"Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше жағдайларын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 330 бұйрығы.
10	"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567-II Заңы.
	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 268 «Құрылыс-монтаж

11	жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың құрылыс жобасына сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік декларациясының нысандарын бекіту туралы» № 38832 болып тіркелген бұйрығы
12	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 20 мамырдағы № 250 «Жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейдегі объектілерінде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық қадағалау және техникалық тексеру жөніндегі инжинирингтік қызметтер мен сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу қағидалары мен рұқсат беру талаптарын бекіту туралы» № 38767 болып тіркелген бұйрығы
13	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 шілдедегі № 284-I "бөлінген белдеуде күзет аймақтарының жерлерін пайдалану және теміржол көлігінің мұқтажы үшін жерді пайдалану мөлшерін, режимін айқындау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы"бұйрығы
14	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 22 маусымдағы № 321 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 39051 болып тіркелген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидалары

Қол қойған Акжигитова Данара Ербулатовна

Қол қойылған күні 13.11.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1263186 , Услуги технического надзор за строительством Объекта «Строительство ТЭЦ-3 в г. Семей» способом Открытый тендер

Лот № 4 (5 У, 4558892) Услуги по осуществлению технического надзора в сфере строительной деятельности

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Семей Энерго"

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Семей Энерго"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	5 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по осуществлению технического надзора в сфере строительной деятельности, Услуги по осуществлению технического надзора в сфере строительной деятельности
Дополнительная характеристика	Услуги технического надзор за строительством Объекта 1 «Подготовительные работы» проекта «Строительство ТЭЦ-3 в г. Семей»
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, область Абай, Семей Г.А., г.Семей, г. Семей, пос. Степной.
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора по (включительно) 12.2029
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

